

1 Еңбекті қорғау саласындағы құқықтық қамтамасыз ету

1.1 Еңбекті қорғаудағы ұлттық саясат және мемлекеттік басқару принциптері

1.1.1 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі принциптері

Еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясат мемлекеттік билік органдарын және кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің қатысуы кезінде барлық деңгейді басқару әрекеттерінің бірлігін қарастырады, келесі принциптерге негізделеді:

- өндірістік қызмет нәтижесіне қатынасы бойынша қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- қызметкердің өмірі мен денсаулығына өндірістік факторлардың зиянды әсерінің қайтымсыз салдарына жол бермеу;
- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайына жұмыскерлердің құқығын қорғауға мемлекеттің кепілдігі;
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау арқылы еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында бірыңғай талаптарды белгілеу;
- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласындағы мәселелерді мемлекеттік реттеу;
- уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері, жұмыс берушілердің өкілдері мен жұмыскерлердің арасындағы еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында келісілген әрекеттерді қамтамасыз ету;
- еңбек қауіпсіздігі мен қорғаудың жағдайы туралы ақпараттардың жариялылығы, толықтығы және сенімділігі;
- мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізуге мемлекеттің қатысуы;
- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау нормаларын қамтитын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыруға, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен қорғау туралы Қазақстан Республикасындағы заңнамалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға жұмыскерлердің өкілдерінің қатысуы.

1.1.2 Еңбекті қорғауды мемлекеттік басқарудың негізгі функциялары

Еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару республикада ұлттық саясат принциптерін іске асырудан, осы саладағы заңнамалық және басқа нормативтік актілерді әзірлеуден, сондай-ақ өндіріс құралдарына, еңбек технологиялары мен ұйымдастыруға, еңбекті қорғау бойынша заңнамалық

және басқа нормативтік актілердің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын талаптардан тұрады, келесі функцияларды жүзеге асырады:

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, мемлекеттік стандарттарды, ережелерді, нормаларды әзірлеу мен қабылдау;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламаларын әзірлеу;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, жағдайын жақсарту мен әзірлеу бойынша қызметтерді экономикалық ынталандыру жүйесін құру мен іске асыру, өндіріс технологиялары мен қауіпсіз техниканы, еңбекті қорғау құралдарын, жұмыскерлердің жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын әзірлеу мен енгізу;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мониторингті жүзеге асыру;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мақсатта тиісті ғылыми ұйымдар құру;

- өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін бекіту;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға көмектесу;

- өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан зардап шеккен жұмыскерлердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау;

- еңбекті ұйымдастыру және өндірістің қазіргі заманғы техникалық деңгейі кезінде жойылмайтын зиянды және қауіпті еңбек жағдайы бар жұмыстар және ауыр жұмыстар үшін өтемақы белгілеу;

- еңбек жағдайы мен қорғауды жақсарту бойынша озық отандық және шетел тәжірибесін тарату;

- еңбек жағдайы мен қорғауды жақсарту бойынша қауіпсіздік жөніндегі мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

- еңбек жағдайы туралы, сондай-ақ өндірістік жарақаттанушылық, кәсіптік аурулар және олардың зардаптары туралы мемлекеттік статистикалық есепті ұйымдастыру;

- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласында бірыңғай ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- республикадағы еңбекті қорғау жағдайы, авариялардың себептері, өндірістік улану және кәсіптік аурулар, республикадағы еңбекті қорғау насихатын ұйымдастыру туралы халыққа жыл сайынғы баяндамалар мен ақпараттар дайындау;

- еңбекті қорғау құралдарын құру мен шығару, осы іске кәсіпорындардың экономикалық мүдделігі;
- еңбекті қорғауға бөлінетін республикалық бюджеттен ақша бөлу.
- еңбек қауіпсіздігі мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

1.1.3 Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқару органдарының негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Үкіметі және мемлекеттік басқарудың басқа органдары:

- еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясатты іске асыруды қалыптастырады және қамтамасыз етеді;
- еңбекті қорғау мен жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны бекітеді;
- қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау бойынша министрліктің және мемлекеттік басқарудың басқа орталық органдарының функциясын анықтайды;
- еңбекті қорғауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру тәртібін анықтайды.

Республикадағы еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту және еңбек қатынастары департаменті құрамындағы мемлекеттік еңбек инспекциясы – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің облыстық департаменттері құрамында әрекет ететін мемлекеттік еңбек инспекциясы.

Арнайы мемлекеттік орган – *Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі*:

- мемлекеттік деңгейде еңбекті қорғауды кешенді басқаруды жүзеге асырады;
- министрліктердің, мемлекеттік басқарудың басқа орталық органдарының, атқарушы биліктің жергілікті органдары мен кәсіпорындарының, еңбек жағдайы саласындағы (еңбек гигиенасы және өндірістік орта) басқа бірлестіктердің жұмысын үйлестіреді;
- еңбекті қорғау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды ұйымдастырады және оның орындалуын бақылайды;
- еңбекті қорғау бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады және үйлестіреді;
- еңбекті қорғау бойынша мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;
- еңбек жағдайына мемлекеттік сараптама жасауды жүзеге асырады;
- халықаралық ынтымақтастыққа қатысады;

– еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіпорындардан ақпараттарды ақысыз алады.

Еңбекті қорғау мәселелері бойынша аталған органның шешімдері барлық министрлік пен кәсіпорындар үшін міндетті.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Департамент міндеттері:

- еңбек қорғау саласында ұлттық саясат принциптерін іске асыру;
- еңбекті қорғау саласында заңнамалық және заң күшіндегі нормативтік актілерді әзірлеу;
- өндіріс құралдарына және технологияларға, еңбекті қорғау бойынша заңнамалардың сақталуын бақылауға қойылатын талаптарды әзірлеу.

1.2 Заңдар және заң күшіндегі актілер

Еңбек қауіпсіздігін және еңбек гигиенасын қамтамасыз ететін, еңбекті қорғауда жұмыскерлердің құқықтарын қамтамасыз ететін негізін құраушы құжаттар болып табылады:

- ҚР Конституциясы 30.08.95 ж.;
- ҚР «Еңбек Кодексі» 15.05.2007 ж. №251;
- ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.07 ж. №319-III;
- «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 04.05.10 ж.;
- «Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы» 8.07.1994 ж. № 110-ХІІІ с изменениями от 8.12.99 г.;
- Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігі» туралы Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (24-бап) республикадағы әрбір жұмыс істейтін адам қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайына құқығы бар деп жариялайды.

Аталған конституциялық құқықты қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексі» жіберілді, ол:

- өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды барынша азайту мақсатында осы саладағы ұлттық саясаттың негізгі принциптерін белгілейді;
- меншік түріне қарамастан кәсіпорындар және шаруашылық қызметінің барлық түрлеріне таралады.

Заң мына бөлімдерден тұрады:

- 1 «Жалпы ережелер»;
- 2 «Ерекше бөлім»;
- 3 [«Қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері»](#);

4 «[Еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік және ұжымдық қатынастар](#)»;

5 «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау»;

6 «Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылау».

Халықты, қоршаған ортаны, шаруашылық объектілерін төтенше жағдайлар мен солардан болған зардаптардан қорғау мемлекеттік саясатты жүргізудің басым салаларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар (ТЖ) туралы» Заңы ТЖ алдын алу және жою бойынша республика аумағындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл заңда келесі ұғымдар пайдаланылады:

- төтенше жағдайлар;
- табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар;
- техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар;
- төтенше жағдай ауданы;
- авария;
- зілзала;
- апаттар;
- төтенше жағдайлардың алдын алу;
- төтенше жағдайларды жою.

Осы анықтамаларды анықтау осы заңның 1-бабында беріледі. Заң 11 тараудан тұрады:

1 тарау – «Жалпы ережелер»;

2 тарау – «Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ саласындағы халықтың құқықтары мен міндеттері»;

3 тарау – «Мемлекеттік органдардың Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ саласындағы жергілікті басқарудағы өкілеттілігі»;

4 тарау – «Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ сақтандыру»;

5 тарау – «Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ жою»;

6 тарау – «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласында сараптама және мемлекеттік есепке алу»;

7 тарау – «ТЖ саласындағы материалдық және қаржылық қамтамасыз ету»;

8 тарау – «ТЖ саласындағы бақылау және қадағалау»;

9 тарау – «Төтенше жағдайлар саласындағы заңнамалардың бұзылуы үшін жауапкершілік»;

10 тарау – ТЖ саласындағы дауларды шешу»;

11 тарау – «ТЖ саласындағы халықаралық ынтымақтастық және халықаралық шарттар».

Бұл заң әлеуметтік және экологиялық сипаттағы ТЖ кезінде құқықтық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының Заңы әлеуметтік және экологиялық сипаттағы ТЖ кезіндегі құқықтық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының табиғи және техногенді сипаттағы

заңнамалары Қазақстан Республикасының Конституциясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне негізделеді.

Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезінде халықты, қоршаған ортаны, шаруашылық объектілерін қорғаудың негізгі принциптері болып табылады:

- болжамданған және пайда болған ТЖ туралы халыққа ақпараттандыру және зардаптардың алдын алу мен жою бойынша шараларды ұйымдастыру жариялығы;

- азаматтар мен ұйымдардың қызметіне қатер мен зияндылықтардың белгілі бір дәрежесін дер кезінде анықтау, егер потенциалды қауіптілік төндіретін болса, халықты қорғаныс әдістерімен оқыту және ТЖ алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру ;

- құтқару, авариялық-қалпына келтіру және ТЖ жою бойынша басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, жедел медициналық көмек көрсету, халықты және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, ТЖ салдарынан зардап шеккен азаматтардың денсаулығы және мүлкі, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерінің орнын толтыру, .

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады. *Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігі туралы» заңы* мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарын реттейді.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: өрт қауіпсіздігі, өрт, өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік қадағалау, өрт қауіпсіздігінің талаптары, өртке қарсы режим, өрт қауіпсіздігінің шаралары, өртке қарсы қызмет, өртті сөндіруге байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстары, өрт сөндіру-техникалық өнімі. Осы ұғымдарды анықтау заңның 1-бабында беріледі.

Заң жеті тараудан тұрады:

1 тарау - «Жалпы ережелер»;

2 тарау – «Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттілігі»;

3 тарау – «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары»;

4 тарау – «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету»;

5 тарау – «Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтар және міндеттер»;

6 тарау – «Өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік»;

7 тарау – «Қорытынды ережелер».

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін басқа да заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

- өрт қауіпсіздігі саласында адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау;
- ұйымдар мен азаматтардың қызметіндегі қатер деңгейін алдын-ала анықтау, өрт қауіпсіздігі саласында сақтандыру шараларына оқытып-үйрету және алдын алу шараларын жүзеге асыру;
- өрт сөндіру, бірінші кезектегі авариялық-құтқару және басқа қажетті жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, медициналық көмек көрсету, азаматтарды және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, өрт салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген зиянның орнын толтыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының *«Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы»* заңы қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді және қауіпті өндірістік объектілерде авариялардың, инциденттердің салдарынан туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың персоналға, халыққа, қоршаған ортаға зиянды әсерінің алдын алуға, аварияларды, инциденттерді және олардың салдарын шектеуге және зардаптарын жоюға ұйымдардың әзірлігін, олардың жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған орта мен мемлекетке келтірілген залалдарын кепілдікпен өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: қауіпті өндірістік объектідегі авария, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері, қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын талаптар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган. Осы ұғымдардың анықтамасы заңның 1-бабында берілген. Осы заң 5 тараудан тұрады:

- 1 тарау - «Жалпы ережелер»;
- 2 тарау – «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құзыреті»;
- 3 тарау – «Заңды және жеке тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері»;
- 4 тарау – «Авария себептерін жоюға және тексеруге әзірлікті қамтамасыз ету»;
- 5 тарау – «Өнеркәсіптік саласындағы бақылау мен қадағалау».

Қазақстан Республикасының «Халықтың санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» заңы 6 тараудан тұрады:

1 тарау - «Жалпы ережелер»;

2 тарау – «Халықтың санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік реттеу»;

3 тарау – «Халықтың санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы жеке тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері»;

4 тарау – «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама»;

5 тарау – «Санитарлық індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу»;

6 тарау – «Қорытынды ережелер».

Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар: санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісі, адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар, зиянды өндірістік фактор, адамға зиянды әсер, гигиеналық нормативтер, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, улану, мерзімді медициналық қарау және басқа ұғымдар. Осы ұғымдарға анықтама жоғарыда көрсетілген заңның 1-бабында беріледі.

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің міндеттері мен принциптері:

- азаматтардың денсаулығын сақтауға, тіршілік етудің қолайлы жағдайларына және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылыққа құқықтары мен міндеттерін іске асыру;

- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің профилактикалық сипаты, тіршілік ету ортасы факторларының халық денсаулығына зиянды әсер етуінің алдын алу; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы жариялылық;

- санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды орындау, лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңдарын міндетті түрде сақтауы;

- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ететін іс-шаралардың ғылыми-практикалық негізділігі;

- Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік;

- жеке және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңдарын бұзуы салдарынан адамның немесе бір топ адамдардың денсаулығына келтірген залалын өтеу міндеттілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» заңы азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еңбек бостандығына [конституциялық құқығын](#) іске асыру процесінде туындайтын еңбек қатынастарын реттейді.

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады: еңбек, еңбек қатынастары, жұмыс берушінің актілері, жеке еңбек шарты, зиянды (өте қауіпті) еңбек жағдайлары, қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары, ауыр дене жұмыстары, демалыс уақыты, жалақы, ұжымдық шарт және т.б. Осы ұғымдарға анықтама беру осы заңның 1-бабында беріледі.

Осы заң 12 тараудан тұрады:

- 1 тарау - «Жалпы ережелер»;
- 2 тарау – «Жеке еңбек шарты»;
- 3 тарау – «Ұжымдық шарт»;
- 4 тарау – «Қызметкерлердің жекелеген еңбек санаттарының еңбек қатынастарын реттеу»;
- 5 тарау – «Жұмыс уақыты»;
- 6 тарау – «Демалыс уақыты»;
- 7 тарау - «Жалақы және еңбекті нормалау»;
- 8 тарау – «Қызметкерлерге кепілдіктер беру мен өтемақы төлеу»;
- 9 тарау – «Жеке еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі»;
- 10 тарау – «Қызметкерлерді көтермелеу және жазалау шаралары»;
- 11 тарау – «Еңбек даулары»;
- 12 тарау – «Осы заңның сақталуын бақылау».

Бұдан басқа еңбекті қорғаудың нормативтік актілеріне жатады:

- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Бас Санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы бекіткен санитарлық ережелер, нормалар, гигиеналық нормативтер, эргономикалық, физиологиялық және басқа талаптар;

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау департаментімен келісім бойынша атқарушы биліктің орталық органдарымен, тиісті қадағалау және бақылау органдарымен бекітілетін салалық тағайындаудағы еңбекті қорғау ережесі мен нұсқаулықтары;

- министрліктер және ведомстволармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау департаментімен бекітілген салааралық тағайындаудағы еңбекті қорғау ережесі мен нұсқаулықтары.

Ережелер мен нормалар еңбекті қорғау бойынша негізін заң ережелерін орындауға бағытталған іс-шараларды нақтылайды.

Нормативтік акт – еңбек процесінде қызметкерлердің денсаулығын және жұмысқа қабілетін сақтауға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған және құзіретті органмен бекітілген құқықтық,

ұйымдастырушылық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық талаптар кешенін білдіретін акт.

Еңбекті қорғау бойынша нормативтік актілерге жатады:

- Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесінің стандарттары (ЕҚСЖ), МЕСТ – стандарттау, метрология, сертификаттау бойынша мемлекет аралық кеңеспен бекітілген;

- тиісті министрліктер мен ведомстволардың салалық стандарттары (ОСТ);

- кәсіпорындардың стандарттары (КС);

- ҚНЖЕ, ҚН – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Бас Санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы бекіткен санитарлық ережелер, нормалар, гигиеналық нормативтер, эргономикалық, физиологиялық және басқа талаптар;

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау департаменті атқарушы орталық билік органдарымен бекітілген салалық тағайындаудағы еңбекті қорғау ережесі мен нұсқаулықтары;

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау департаментімен бекітілген салааралық тағайындаудағы еңбекті қорғау ережесі мен нұсқаулықтары;

- Қазақстан Республикасының орталық атқарушы билік органдары бекіткен ұйымдастыру-әдістемелік құжаттар, ережелер, әдістемелік нұсқаулықтар.

Еңбекті қорғау бойынша ереже – өндірістік процестерді, жекелеген жұмыс түрлерін, қондырғыларды, агрегаттарды және т.б. жобалау, салу, ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде орындалуы міндетті еңбекті қорғау бойынша талаптарды бекітетін нормативтік акт.

Еңбекті қорғау ережесі бөлінеді:

- сала аралық;

- салалық.

Салалық ереже тиісті атқарушы биліктің орталық органдарымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбекті қорғау бойынша сала аралық ережені әзірлеуді жүзеге асырады.

Еңбекті қорғау бойынша ереже белгілі бір әрекет ету мерзімімен немесе осы мерзімге шектеу қоюсыз бекітіледі.

Жұмыс берушінің қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша нұсқама – жұмыс берушінің актісі, жүргізіліп жатқан жұмыстар әлде қызметтік міндеттемелер өндіріс бөлмелерінде, кәсіпорын аумағында, құрылыс аландарында, көлікте және осы және т.б. ұйымның жерлерінде орындау кезінде қауіпсіздік және еңбек қорғау заңдарын қолдану.

Еңбекті қорғау бойынша нұсқама болуы мүмкін:

- типтік;
- салалық.

Типтік нұсқамалардың әрекеті еңбекті қорғау бойынша тиісті ережелердің әрекет ету мерзімі есебінен белгіленеді.

1.3 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қадағалау мен бақылау

Еңбекті қорғауды мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдары болып табылады:

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменті;
- Мемлекеттік өрт қадағалау енетін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі;
- Мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жүйесінде, халықты әлеуметтік қорғау және еңбекті облыстық басқару құрылымында әрекет етеді. Еңбекті қорғауды бақылау мен мемлекеттік қадағалаудың аталған органдары және олардың уәкілетті лауазымды тұлғалары – мемлекеттік еңбек инспекторлары өз қызметінде жұмыс берушілерге, шаруашылық объектілерге, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік билік және жергілікті басқару органдарына тәуелді емес.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары өздерінің негізгі міндеттерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

- еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды және тексеруді жүзеге асыру мақсатында белгіленген тәртіппен ресімделген тексеру жүргізу туралы қаулыны және куәлігін көрсеткенде ұйымдарға кез келген уақытта кедергісіз баруға;

- мемлекеттік инспекторларға жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті тиісті құжаттар мен өзге де ақпаратты жұмыс берушілерден сұратуға және алуға;

- өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

- еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін бұзушылық анықталған жағдайда ұйымдардың (кәсіпорындардың), жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының және жабдықтардың пайдаланылуын осы бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұруға (тыйым салуға);


- еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнама нормаларының анықталған бұзушылықтарын жою туралы жұмыс берушілердің орындауы үшін міндетті нұсқамалар беруге, сондай-ақ заңның

бұзылушылығы туралы хаттамалар жасауға, әкімшілік жаза қолдануға және сотқа талап-арыз беруге.


Жұмыс беруші мемлекеттік еңбек инспекторларына жүктелген функцияларды атқару үшін жағдай жасауға міндетті.

Орталық аппараттың құрылымы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің облыстық бөлімшелерінің құрылымы 1 және 2-суреттерде келтірілген.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі халықты, қоршаған ортаны, шаруашылық объектілерін апаттан, катастрофадан, табиғи зілзалалардан қорғау, азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру мен жою, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалауы бойынша бірыңғай саясатты жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік құрылымы 3-суретте келтірілген.



1-сурет – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық аппаратының құрылымы



2-сурет – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің облыстық бөлімшелерінің типтік құрылымы



3-сурет – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылымы

Министрлік өз қызметін өртке қарсы қызмет, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік басқармаларымен, әскери бөлімдермен, баса ұйымдармен, мекемелермен, департаменттермен, облыстық, қалалық және аудандық атқарушы билік органдарымен өзара әрекеттесіп жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің негізгі міндеттері болып табылады:

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қадағалау, салааралық үйлестіру, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау, қауіпті өндірістік объектілердегі еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау, тау-кен қадағалау, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және оның одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттің алдын алу мен сөндіруді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

- меншік түріне қарамастан облыстық, қалалық және аудандық атқарушы органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» заңының, «Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушы мәртебесі туралы» заңының орындалуын, «Азаматтық қорғаныс туралы» заңын, авариялардың, катастрофалардың алдын алу және жою, апаттардан болатын шығындарды азайту бойынша нормативтік талаптардың орындалуын бақылау мен үйлестіру. Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері мен өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жауынгерлік және жұмылдырушылық даярлығын қамтамасыз ету;

- ТЖ АҚ авариялық-құтқару қызметі құрамасының дайындығын ретке келтіру, ТЖ аймағында зардап шеккен халыққа алғашқы кезектегі өмірлік қажеттіліктерімен қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу; халықты және аумақты авариядан, катастрофадан апатты жағдайды қорғауға бағытталған мақсатты бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастыру, бірыңғай техникалық саясат жүргізу, сондай-ақ ТЖ пайда болған кезде өндірістік және әлеуметтік тағайындаудағы объектілердің жұмыс істеу төзімділігін арттыру;

- авариялық-құтқару қызметі құрамасы, барлық деңгейдегі басшыларды халықты ТЖ кезінде АҚ оқытуды ұйымдастыру;

- судағы ТЖ алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру, құтқару станцияларының, көпірлердің және авариялық-құтқару жұмыстарының маневрлік-іздеу тобының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету;

- ТЖ кездегі жағдайларға арналған материалдық-техникалық құралдар қорын есептеу;

- ТЖ алдын алу және жою бойынша іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыс әкімдері бөлетін қаражаттың, халықаралық гуманитарлық көмектің мақсатты пайдаланылуын бақылау, ТЖ алдын алу және жою жергілікті қорларды, материалдық, азық-түлік және басқа ресурстарды пайдалануды үйлестіру;

- қорғаныш үймереттерін, басқару посттарын, жарықтандыру және байланыс жүйелерінің дайындығын тексеру мен бақылау;
- басқару органдарының ұрыс дайындығын, сондай-ақ құраманың жұмылдыру дайындығын қолдау бойынша іс-шаралар кешенін жоспарлау мен орындау;
- табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ және АҚ кезінде ұйымдарда, аумақтарда халықты оқу-жаттығуларды жоспарлау, дайындау және өткізу;
- авариялық-құтқару қызметін, құрамаларды, құтқарушыларды есепке алуды жүзеге асыру;
- республиканың кез келген облысындағы аумақта жедел жағдайда талдау және бағалау;
- Қазақстан Республикасының кез келген облысында болуы мүмкін ТЖ мен оның алғышарттары туралы Министрлік басшылығына және жергілікті атқарушы органдарға хабарлауды ұйымдастыру;
- облыс халқын ТЖ туралы хабардар ету және хабарлауды ұйымдастыру;
- ТЖ бойынша Республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесінің облыстық бөлімшесінің жұмысын құру, дамыту және қамтамасыз ету;
- техногенді апаттар мен катастрофалардың алдын алу, өндірістегі еңбек қауіпсіздігінің мәселелері бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау, өндірісті кешенді тексеруді ұйымдастыру;
- әлеуетті қауіпті өндірістерде қауіпсіз еңбек жағдайын бақылауды жүзеге асыру, еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша мемлекеттік, аймақтық, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру;
- кадрларды таңдау, орналастыру, оларды даярлау және қайта даярлау.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі мекемелер мен органдардың бірыңғай орталықтанған жүйесін білдіреді, оның негізгі қызметі елдегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау; республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды зерделеу; белгіленген тәртіппен сыртқы ортаның ластануын жоюға және оның алдын алуға, халықтың еңбек ету, оқу, тұрмыс және демалыс жағдайларын жақсартуға бағытталған санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізуге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды, сондай-ақ аурулардың алдын алу оны төмендетуге бағытталған шаралардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі мемлекеттік және нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу болып табылады.

ҚР Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі бекіткен 25.04.1995ж. №547 ҚР Мемлекеттік эпидемиологиялық қызметі туралы Ереже бар. ҚР Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің функциясы «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында және ҚР Мемлекеттік эпидемиологиялық қызметі туралы Ереженің 4-тарауында баяндалған.

Санитарлық-эпидемиологиялық станцияның еңбек гигиенасы саласындағы жұмыстары Еңбек заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық станцияның осы саладағы негізгі міндеттері болып табылады:

- өнеркәсіп кәсіпорындарында және ауыл шаруашылығында еңбек ететін адамдардың кәсіптік ауруларының алдын алу және азайту, еңбек жағдайын сауықтыруға бағытталған іс-шараларды өткізумен мемлекеттің санитарлық қадағалауды жүзеге асыру;

- бақылау астындағы объектілердің санитарлық жағдайын талдау, қолданыстағы санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемияға қарсы ережелер мен нормалар негізінде тиісті талаптар әзірлеу және олардың орындалуын бақылау.

Санитарлық-эпидемиологиялық станция өз жұмысында еңбек гигиена тарауы бойынша қолданады:

а) өнеркәсіп кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын санитарлық сипаттау әдісі;

б) зертханалық зерттеу және құралдармен зерттеу әдістері;

в) алдын алатын және ағымдағы санитарлық қадағалау материалдарын, жұмыскерлер мен қызметкерлердің және т.б. кәсіптік ауруларының деректерін өңдеудің статистикалық әдісі.

Кәсіпорындарды тексеру, қажет болса, еңбек гигиенасы және тамақтану гигиенасы бойынша кешенді түрде жүргізіледі. Тексеруге объект басшысы немесе уәкілетті тұлға қатысады, тексеруге қатысудан баста тартқан жағдай туралы тексеру актісіне тіркеледі.

Санитарлық тексеру нәтижелері тексеру актісімен ресімделеді, объектінің қанағаттанарлықсыз санитарлық жағдайы кезінде қажетті санитарлық-техникалық іс-шараларды орындау мерзімі көрсетілген ұйғарым тапсырылады.

Егер орындалмаған жағдай болса, санэпидстанция 25.04.1995ж. №547 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік эпидемиологиялық қызметі туралы Ережеде қарастырылған шараларды қабылдайды.

Қазақстан Республикасындағы *Мемлекеттік өрт қадағалау органдары*: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Департаменті; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің басқармалары, бөлімдері, мемлекеттік өрт қадағалау бөлімдері, бөлімшелері және инспекциялары, қалалардың, кенттердің, аудандық орталықтардың әскерилендірілген өртке қарсы қызмет отрядтары мен бөлімдері болып табылады.

Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарын, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген басқа да нормативтік құқықтық актілерді және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдері мен өкімдерін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы ТЖ Мемлекеттік Комитеттің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі туралы Ереженің екінші тарауында департаменттің негізгі міндеттері, функциясы мен құқығы баяндалады. Негізгі міндеттері:

- қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөнінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету;

- республикадағы өрт қауіпсіздігі жағдайын талдау мен болжауды жүзеге асыру;

- мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

- меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өртке қарсы қызметтері бөлімшелерінің өртпен күреске дайындығының жай-күйіне мемлекеттік бақылауды, өрттің алдын алу жұмыстарына бақылауды жүзеге асыру;

- кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

- барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың орындауы міндетті өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтерді, стандарттарды және ережелерді уәкілетті орталық атқарушы органның бекітуі үшін әзірлеу және келіседі, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік есеп жүргізу;

- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі Кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі жүзеге асыру;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялауды және сертификаттауды белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

- өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері таратылмайтын құрылыс объектілерінің жобалық шешімімен келісу;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың қолданылуына талдау жасау және қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң және өзге де құқықтық актілерді дайындауға қатысу;

- халықаралық шарттар мен келісімдер жобаларын дайындауға қатысу;

- өрт қауіпсіздігі мәселелері жөнінде мемлекеттік органдарға және ұйымдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

- заңнамада көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

Меншік түріне қарамастан кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда өрт қауіпсіздігінің ережесін бұзу кезінде, сондай-ақ объектіні, кәсіпорындарды, мекемелерді, ғимараттарды, үймереттерді салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе техникалық жабдықтау кезінде өртке қарсы талаптарды жобалау нормаларын немесе жобада қарастырылғанды орындамау кезінде Қазақстан

Республикасының өрт қадағалау бойынша Бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасарлары, өрт қадағалау бойынша облыс, қала, аумақ мемлекеттік инспекторлары кәсіпорындардың, жекелеген кәсіпорындардың, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың, жұмысын жартылай немесе толықтай тоқтатуға, ғимараттар мен үймереттерді пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Кәсіпорындардың, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың, жұмысын тоқтату, ғимараттар мен үймереттерді немесе жайларды пайдалануға тыйым салу туралы қаулы осындай шешімді қабылдаған орган, лауазымды тұлға, одан жоғары тұрған мемлекеттік өрт қадағалау органы мен сот арқылы жойылуы немесе өзгеруі мүмкін.

Кәсіпорындарда еңбекті қорғаудың орындалуын бақылау жөніндегі жұмыстарға кәсіподақтар активі, штаттан тыс инспекторлар тартылады, олар еңбек қорғау саласындағы барлық бақылаушы ұйымдармен байланысты қолдайды. Әрбір кәсіподақ топта еңбек қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор тандап алынады, қоғамдық инспектордың міндеттері кәсіподақ комитетінің еңбекті қорғау комиссиясының төрағасына жүктеледі.

Ведомствоішілік бақылау министрліктерде, ведомстволарда, тресттерде, кәсіпорындар мен ұйымдар бағынышты болатын еңбекті қорғау бөлімшелерімен жүзеге асырылады. Мұндай қадағалау түрі маңызы зор, себебі еңбек заңнамалары бойынша өндірістегі салауатты және қауіпсіз жағдайда қамтамасыз ету үшін барлық жауапкершілік шаруашылық жүргізуші ұйымдарға жүктелген.

Кәсіпорын әкімшілігінің, цехтардың және учаскелердің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария саласындағы *негізгі міндеттемелері* болып табылады:

- технологиялық және өндірістік процестерді және операцияларды жүзеге асыру кезінде қауіпсіз еңбек жағдайын жасау;
- өнеркәсіптік санитария, ауыр, зиянды және қауіпті жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыру, қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шараларды дер кезінде жүргізу;
- жұмыскерлер мен қызметкерлер болатын жайларда ауа тазалығын және қалыпты температуралық-ылғалды жағдайды қамтамасыз ету;
- жұмысшыларды қажетті арнайы киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету.

Кәсіпорындағы еңбекті қорғау бойынша жұмыс кәсіпорындардың әкімшілік-техникалық персоналдарымен жүзеге асырылады:

- барлық кәсіпорын шегінде – директор, бас инженер;
- учаскеде және зертханада – осы цехтардың, учаскелердің, зертханалардың бастықтары.

Осы тұлғалар еңбекті қорғау жағдайын, өндірістік санитария және қауіпсіздік техникасының ережесін орындауға жауапты болады.

1.4 Еңбек қауіпсіздігі стандарттар жүйесі

ҚР стандарттаудың мемлекеттік жүйесінің ұйымдастыру құрылымы тұрады:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органнан, оның аумақтық бөлімшелерінен және ведомствоға бағынышты кәсіпорындар;

2) Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы оның күзіреттілігі шегінде мемлекеттік басқару органдары;

3) жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде техникалық комитеттер, стандарттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар;

4) Қазақстан Республикасының стандарттар мемлекеттік қоры.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жүйесіндегі қолданылатын стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға жатады:

а) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары;

б) техникалық-экономикалық ақпараттарды мемлекеттік топтастырғыштар;

в) мемлекет аралық стандарттар – МЕСТ, техникалық-экономикалық ақпараттарды топтастырғыштар, ережелер мен ұсыныстар;

г) белгіленген тәртіпте қолданылатын халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар, техникалық-экономикалық ақпараттарды топтастырғыштар, техникалық шарттар, ережелер, нұсқаулықтар, ережелер, нұсқаулықтар, әдістемелік нұсқаулықтар және стандарттау бойынша ұсыныстар;

д) ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа қоғамдық бірлестіктердің стандарттары;

е) ұсыныстар;

ж) фирмалық стандарттар;

з) техникалық шарттар;

и) салалық стандарттар.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленетін талаптар ғылым, техника және технологиялар жетістіктеріне негізделуі тиіс және Қазақстан Республикасының заңдарына, қабылданған техникалық талаптарға, халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарға, стандарттау жөніндегі ережелерге және ұсыныстарға қайшы келмеуі тиіс.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасындағы қабылданған техникалық нормаларға, адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарға сәйкес келмейтін жағдайлардан басқа халықаралық техникалық регламенттер және стандарттар және олардың аяқталу сатысындағы жобалары қолданылады.

Жобаны әзірлеу сатысында халықаралық стандарттар болмаған кезде стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың немесе әзірленетін мемлекеттік стандарттың сәйкессіздігі кезінде оған қойылатын халықаралық талаптар туралы аңдатпа немесе бұқаралық ақпарат құралдарында немесе мүдделі органдар мен заңды тұлғалардың ұсыныстары мен ескертпелерін дайындау мен талқылау үшін стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша уәкілетті органның арнайы басылымдарында хабарлама жарияланады.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың жобасына ескертулер мен ұсыныстарды дайындау мерзімі мен қарастыру тәртібін мемлекеттік стандарттау жүйесі белгілейді.

Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі стандарттар жүйесінің стандарттары (ЕҚСЖ) бекітіледі:

- Стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша ТМД Мемлекет аралық Кеңеспен - мемлекеттік стандарттар (МЕСТ);

- тиісті министрліктер, ведомстволар, атқарушы биліктің басқа орталық органдары - салалық стандарттар (ОСТ);

- кәсіпорындар – кәсіпорындар стандарттарымен (КСТ).

Еңбек қауіпсіздігінің талаптарын стандарттау жөніндегі жұмыстар екі бағытта жүргізіледі:

- қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайы жасау бойынша талаптар көрсетілетін арнайы стандарттар әзірлеу;

- стандартқа «Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау талаптары» арнайы тараудың техникалық шарттарын енгізу.

Жүйені құру негіздерінің ұйымдастырушылық-әдістемелік стандарттары белгілейді: ЕҚСЖ мақсаты, міндеттері, таралу аймағы, құрылымын, ЕҚСЖ стандарттарының келісу ерекшеліктері; еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы терминология; қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жіктеу; еңбек қауіпсіздігіне қызметкерлер мен жұмыскерлерді оқыту тәртібі.

Қазіргі кезде ЕҚСЖ негізін қалайтын төрт стандарт бар: «ЕҚСЖ. Негізгі ережелер»; «ЕҚСЖ. Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар»; «ЕҚСЖ. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Жіктеу»; «ЕҚСЖ. Еңбек қауіпсіздігіне жұмыскерлерді оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер».

Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың түрлері бойынша нормалар және талаптардың мемлекеттік стандарттары белгілі бір қауіпті және зиянды өндірістік факторлар сипаттамасын (түрі, әрекет ету сипаты, осы факторлардың шекті мүмкін мәндері және оларды бақылау әдістері); қауіпті және зиянды қасиеттерге ие заттармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

Бұл жіктеудің бағыныңқы жүйесі жаралыс қауіпсіздігін, өрт және электр қауіпсіздігін, радиациялық, діріл және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жалпы талаптарға арналған стандарттар, сондай-ақ шу, ультрадыбыс, электр магниттік өріс, зиянды заттардан қорғауға арналған стандарттар және жұмыс орнын жарықтандыру мен ауа ортасына қойылатын талаптарға арналған стандарттарды енгізеді.

Өндірістік жабдықтарға қойылатын талаптарға арналған стандарттар белгілейді: жабдықтардың жалпы түріне және жеке түріне қауіпсіздік талаптарын, эргономикалық нормаларды және талаптарды, сондай-ақ осы талаптарды орындауды бақылау әдістері. Осы бағыныңқы жүйенің негізгі стандарты «ЕҚСЖ. Өндірістік жабдықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары» болып табылады. Онда жабдықтарға қойылатын жалпы талаптар, сондай-ақ жабдықтардың нақты тобына арналған жалпы қауіпсіздік талаптары баяндалған.

Стандарттар, ең бірінші, қауіптілігі жоғары жабдықтардың тобына әзірленеді, мысалы, электр техникалық бұйымдар, сығымдағыш қондырғылар, металл кесетін станоктар, жүк көтергіш крандар және т.б.

Өндірістік процестерге қойылатын қауіпсіздік талаптарының стандарттары белгілейді: Өндірістік процестерге қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары; технологиялық процестердің жекелеген тобына қойылатын қауіпсіздік талаптары, жабдықтарды орналастыруға және жұмыс орындарын ұйымдастыруға, бастапқы материалдарға, бастапқы материалдарды сақтау мен тасымалдауға, дайын өнімдерге және өндіріс қалдықтарына және т.б.

Осы бағыныңқы жүйенің негізгі стандарты «ЕҚСЖ. Өндірістік процестер. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары» болып табылады. Осы стандарт негізінде әр түрлі технологиялық процестерге қойылатын қауіпсіздік талаптарына арналған стандарт әзірленген, негізінен, қауіптілігі жоғары және қолайсыз еңбек жағдайының болуына байланысты (металды термиялық өңдеу, бояу, электр дәнекерлеу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ағаш өңдеу және т.б.).

Жұмыс істеушілерді қорғау құралдарына қойылатын талаптарға арналған стандарттар қорғаныш құралдарын жіктеуді белгілейді; қорғаныш құралдарының жекелеген класы мен түрлерінің конструктивті, пайдалану, қорғаныш және гигиеналық көрсеткіштеріне қойылатын талаптар; қорғаныш құралдарын бақылау мен бағалау әдістері.

Осы жіктеулі топтамада қосалқы құралдарға және құрылғыларға; қорғаныш және сақтандырғыш қоршаулары, бұғаттау, қорғаныш автоматтары және сигнализаторға қойылатын жалпы техникалық талаптар мен техникалық шарттарға арналған стандарттар шоғырланған; өртке қарсы және өрттен қорғау киімдеріне және қол, бас, бет, тыныс алу мен есту органдарын жеке қорғану құралдарына; сигналды түстерге және қауіпсіздік белгілеріне және т.б. осы бағыныңқы жүйенің стандарттары ЕҚСЖ барлық мемлекеттік стандарттардың негізгі бөлігін құрайды. Осы бағыныңқы жүйенің негізгі стандарты «ЕҚСЖ. Жұмыс істеушілерді қорғау құралдары. Жіктеу» болып табылады.

Кәсіпорындар стандартын әзірлеу «Еңбекті қауіпсіздігі бойынша кәсіпорындардың стандарттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар» негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорындарда стандарттарды әзірлеудегі жалпы басшылықты кәсіпорынның басшысы немесе бас инженері, ал ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықтың еңбек қорғау қызметіне қатысуы кезінде жүзеге асырылады.

Еңбек қауіпсіздігі бойынша кәсіпорындардың стандарттары (КСТ ЕҚСЖ) ЕҚСЖ құрамдас бөлігі болып табылады. Олар ЕҚСЖ мемлекеттік және салалық стандарттарды жарысы қайталамауы керек.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік КСТ ЕҚСЖ кәсіпорындағы еңбекті қорғау бойынша жұмысты, еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмыс істеушілерді оқыту мен нұсқаулықты ұйымдастыру, қауіптілігі жоғары объектілерді қадағалау тәртібі, жарақат алушылықтың себептеріне талдау жүргізу тәртібі, кәсіпорындардың конструкторлық және технологиялық құжаттамасына қауіпсіздік талаптарын енгізу тәртібі және т.б.

Жұмыс істеушілердің жеке қорғаныш құралдарына қойылатын талаптарға арналған КСТ ЕҚСЖ осы құралдардың қорғаныш және гигиеналық қасиеттеріне қойылатын талаптарды белгілемейді. Бұл стандарттар тек жұмыс істеушілерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету және осы құралдарды пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейді. Кәсіпорындар стандартын жеке қорғаныш құралдарын беру мен тізімнен шығару тәртібін, оларды қабылдау және сынау тәртібін белгілейді.

Стандарттардың сақталуы мен енгізілуін бақылауды жұмыстың қауіпсіз өндірісі үшін еңбек техникалық инспекция және басқа мемлекеттік қадағалау органдарымен бірге Мемстандарт аумақтық органдары жүзеге асырады.

1.5 Еңбекті қорғау заңын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау заңнамаларын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікте болады.

Егер кәсіпорында еңбекті қорғауды немесе қауіпсіздік техникасын бұзушылықтар орын алатын болса, онда лауазымды тұлғалар жауапкершілікте болады:

- тәртіптік;
- әкімшілік;
- қылмыстық;
- материалдық.

Егер еңбекті қорғау бойынша бұзушылықтың ауыр зардаптары болмаса *тәртіптік* жауапкершілік (сөгіс, қатаң сөгіс, басқа ауысымға ауысу) салынады.

Еңбекті қорғау туралы заңнаманың бұзылғаны үшін *әкімшілік* жауапкершілік кінәлі лауазымды тұлғаларға ақшалай айыппұл салынады (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Департамент инспекторларына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Мемсанэпидқадағалау, Мемөртқадағалау).

Егер еңбек қорғау бойынша ережені бұзу адамдарды жазатайым оқиғаға душар қылса немесе себепкер болса немесе басқа дене зардаптарына әкелетін болса *қылмыстық* жауапкершілік тартады.

Еңбекті қорғау ережесін бұзғаны үшін кінәлі лауазымды тұлғаларға *материалдық* жауапкершілік жүктеледі, егер осындай бұзушылық нәтижесінде кәсіпорын жазатайым оқиғадан зардап шеккен тұлғаларға немесе әлеуметтік сақтандыру органдарына белгілі бір ақша сомасын төлеуге міндетті. Бұл ақша сомасы кінәлі лауазымды тұлғалардан жартылай немесе толықтай өндіріліп алынады.

Бақылау сұрақтары

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі принциптерін атаңыз.

2. Еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару қандай функцияларды орындайды?

3. Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын органдарды атаңыз.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің функциясына нелер жатады?
5. Еңбекті қорғауды мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдарын атаңыз.
6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Департаментінің міндеттері қандай?
7. Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау құқығы қандай құжатта келтірілген?
8. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі қандай міндеттерді орындайды?
9. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет қандай міндеттерді орындайды?
10. Мемлекеттік өрт қызметі функциясы қандай?
11. Стандарттау бойынша нормативтік құжаттарды атап көрсетіңіз.
12. Мемлекеттік стандарттау жүйесінің құрылымын сипаттаңыз.
13. Еңбек қорғау бойынша заңнамаларды бұзғаны үшін қандай жауапкершілік түрлері қарастырылған?
14. Қандай мемлекеттік ұйымдар еңбекті қорғау бойынша заңнамаларды бұзғаны үшін айыппұл салуға құқылы?

